



Халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциясының Жарғысын ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 16 мамырдағы № 66-VI ҚРЗ.

1951 жылғы 31 қазанда Гаагада қабылданған Халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциясының Жарғысы ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті	Н. НАЗАРБАЕВ
---	--------------

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ ЖӨНІНДЕГІ ГААГА КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ (1955 жылғы 15 шілдеде күшіне енді)

Төменде көрсетілген елдердің:

Германия Федеративтік Республикасы, Аустрия, Бельгия, Дания, Испания, Финляндия, Франция, Италия, Жапония, Люксембург, Норвегия, Нидерланды, Португалия, Ұлыбритания Біріккен Корольдігі және Солтүстік Ирландия, Швеция және Швейцария үкіметтері,

Халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциясының тұрақты сипатын назарға ала отырып,

осы сипатты нығайтуға ниет білдіре отырып,

осы мақсатта Конференцияны Жарлықпен қамтамасыз ету жөн деп есептей отырып,

төмендегі ережелер туралы келісті:

1-бап

Халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциясының мақсаты халықаралық жеке құқық нормаларын прогрессивті біріздендіруге ұмтылу болып табылады.

2-бап

1. Конференцияның бір немесе бірнеше сессияларына бұрын да қатысқан және осы Жарғыны қабылдайтын мемлекеттер Халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциясының мүшелері болып табылады.

2. Қатысуы заңды тұрғыдан Конференцияның жұмысы үшін маңызды болып табылатын кез келген мемлекет ұйымның мүшесі бола алады. Жаңа мүше мемлекеттерді қабылдауды қатысушы мемлекеттердің

үкіметтері, олардың біреуінің немесе бірнешеуінің ұсынысы бойынша басым дауыспен, осындай ұсыныс үкіметтерге түскен күннен бастап алты айлық кезең ішінде қабылдайды.

3. Мүшелікке қабылдау мүдделі мемлекет осы Жарғыны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.

3-бап

1. Конференцияға мүше мемлекеттер мүше мемлекеттердің көпшілігі қатысатын жалпы істер және саясат мәселелері жөніндегі отырыста мүше болу туралы Бас хатшыға өтініш берген экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі кез келген өңірлік ұйымды Мүше ретінде қабылдау туралы берілген басым дауыспен шешім қабылдауы мүмкін. Егер өзгеше тікелей көзделмесе, осы Жарғыға сәйкес мүшелерге сілтемелерде осындай мүше ұйымдар қамтылады. Мүшелікке қабылдау экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі мүдделі өңірлік ұйым Жарғыны қабылдаған кезден бастап күшіне енеді.

2. Конференцияға мүше болуға өтініш беру құқығына ие болу үшін экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі өңірлік ұйым тек қана егеменді мемлекеттерден тұруға тиіс және шешім қабылдау құқығын қоса алғанда, оның мүше мемлекеттері Конференцияның құзыретіне кіретін, оның мүше мемлекеттеріне бірқатар мәселелер бойынша міндеттемелер жүктейтін мәселелер бойынша оған өкілеттік беруге тиіс.

3. Мүше болуға өтініш беретін экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі әрбір өңірлік ұйым, осындай өтініш берген кезде, өзінің мүше мемлекеттері берген өкілеттікке қатысты мәселелерді көрсете отырып, өз құзыреті туралы өтініш беруге тиіс.

4. Әрбір мүше ұйым және оған мүше мемлекеттер, мүше ұйымның құзыретіне немесе оның мүшелігіне қатысты кез келген өзгерістердің Бас Хатшыға хабарлануын қамтамасыз етеді, ол мұндай ақпаратты Конференцияның басқа мүшелеріне таратады.

5. Ұйымның өкілеттіктерді беру туралы белгілі бір мәлімделмеген немесе хабардар етілмеген мүше мемлекеттеріне қатысты барлық мәселелер бойынша олар құзыретін сақтаған болып есептеледі.

6. Конференцияның кез келген мүшесі мүше ұйымнан немесе оған мүше мемлекеттерден Конференция алдында тұрған кез келген нақты мәселеге қатысты мүше ұйымның өкілеттіктері бар ма деген ақпаратты сұрата алады. Мүше ұйым және оған мүше мемлекет мұндай сұрау салу бойынша осындай ақпараттың берілуін қамтамасыз етеді.

7. Мүше ұйым Конференцияға мүше болып табылатын өздерінің мүше мемлекеттерімен өзінің тиісті құзыреттілігі салаларында мүшелік құқықтарын баламалы негізде жүзеге асырады.

8. Мүше ұйым қаралып отырған мәселе бойынша өкілеттіктерді мүше ұйымға берген, және дауыс беруге құқығы бар және осындай отырыстарға тіркелген өзінің мүше мемлекеттерінің санына тең келетін дауыс санын өз өкілеттіктеріне жататын мәселелер бойынша қатысуға құқығы бар Конференцияның кез келген отырысында пайдалана алады. Мүше ұйым өзінің дауыс беру құқығын пайдаланатын барлық кезде оның мүше мемлекеттері оларды жүзеге асырмайды және керісінше.

9. "Экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі өңірлік ұйым" тек егеменді мемлекеттерден ғана тұратын және шешім қабылдау құқығын қоса алғанда, оған мүше мемлекеттер бірқатар мәселелер бойынша өз өкілеттіктерін берген, осы мәселелерге қатысты оның мүше мемлекеттеріне міндеттемелер жүктейтін халықаралық ұйымды білдіреді.

4-бап

1. Барлық мүшелерден тұратын жалпы істер және саясат жөніндегі кеңес (бұдан әрі - "Кеңес") Конференция жұмысы үшін жауап береді. Кеңес отырыстары негізінен жыл сайын өткізіледі.

2. Кеңес мұндай жұмысты қызметін өзі басқаратын Тұрақты бюро арқылы қамтамасыз етеді.

3. Кеңес Конференцияның күн тәртібіне енгізілуге тиісті барлық ұсыныстарды қарайды. Ол осындай ұсыныстармен байланысты қабылдануы қажет шараларды айқындауға құқылы.

4. Корольдің 1897 жылғы 20 ақпандағы Жарлығымен бекітілген Нидерландтық тұрақты үкіметтік комитет халықаралық жеке құқықты кодификациялауға жәрдемдесу мақсатында конференция мүшелерімен консультациядан кейін дипломатиялық сессиялардың күнін айқындайды.

5. Тұрақты үкіметтік комитет мүшелерді шақыру үшін Нидерланды үкіметіне жүгінеді. Тұрақты үкіметтік комитеттің төрағасы Конференция сессияларында төрағалық етеді.

6. Конференцияның кезекті сессиялары негізінен төрт жыл сайын өткізіледі.

7. Қажет болған жағдайда, Кеңес Тұрақты үкіметтік комитетпен консультациялардан кейін Нидерланды Үкіметінен конференцияның кезектен тыс сессиясын шақыруды сұрай алады.

8. Кеңес Тұрақты үкіметтің комитетіне Конференция жұмысына қатысты кез-келген басқа мәселелер бойынша консультация бере алады.

5-бап

1. Тұрақты бюро өз отырыстарын Гаагада өткізеді. Ол Бас хатшыдан және Тұрақты үкіметтік комитеттің ұсынуы бойынша Нидерланды Үкіметі тағайындайтын төрт хатшыдан тұрады.

2. Бас хатшының және хатшылардың тиісті құқықтық білімі және практикалық тәжірибесі болуға тиіс. Оларды тағайындау кезінде географиялық өкілдігінің әралуандылығы мен құқықтық сараптамасы да ескеріледі.

3. Кеңеспен консультациядан кейін және 10-бапқа сәйкес хатшылардың саны көбеюі мүмкін.

6-бап

Тұрақты бюро Кеңестің басшылығымен –

- 1) Гаага конференциясының сессияларын, сондай-ақ Кеңес отырыстары мен кез келген арнайы комиссияларды дайындау және ұйымдастыру;
- 2) Хатшылықтың жоғарыда көзделген сессиялардағы және отырыстардағы жұмысы;
- 3) Хатшылықтың қызметіне кіретін барлық тапсырмалар үшін жауап береді.

7-бап

1. Конференцияның мүшелері мен Тұрақты бюро арасындағы өзара іс-қимылға жәрдемдесу мақсатында әрбір мүше мемлекеттің үкіметі - ұлттық органды, және әрбір мүше ұйым байланыс жасайтын органды тағайындайды.

2. Тұрақты бюро барлық тағайындалған органдармен және құзыретті халықаралық ұйымдармен хат алмаса алады.

8-бап

1. Кеңес сессияларда және отырыстар арасындағы аралықта конвенция жобаларын дайындау немесе Конференция мақсатына кіретін халықаралық жеке құқықтың барлық мәселелерін зерделеу үшін арнайы комиссиялар құра алады.

2. Кеңес және арнайы комиссиялар сессияларда барынша мүмкін дәрежеде консенсус негізінде жұмыс істейді.

9-бап

1. Конференцияның бюджетте көзделген шығыстары Конференцияға мүше мемлекеттердің арасында бөлінуге тиіс.

2. Мүше ұйым өзінің мүше мемлекеттеріне Конференцияның жылдық бюджетіне қосымша ретінде жарна енгізуге міндетті емес, бірақ оның мүшелігінен туындайтын қосымша әкімшілік шығыстарды жабу үшін Конференция мүше ұйыммен консультацияда айқындайтын соманы төлейді.

3. Кез келген жағдайда, Кеңестің және арнайы комиссиялар делегаттарының көлікке және тұруына арналған шығыстарын ұсынатын мүшелер төлейді.

10-бап

1. Конференцияның бюджеті Гаагадағы мүше мемлекеттердің Дипломатиялық өкілдіктерінің кеңесіне бекітуге жыл сайын ұсынылып отырады.

2. Бұл өкілдер соңғысының бюджетіне алынатын шығыстарды да мүше мемлекеттер арасында бөледі.

3. Дипломатиялық өкілдер осындай мақсаттар үшін Нидерланды Корольдігінің Сыртқы істер министрінің төрағалық етуімен кездесуге тиіс.

11-бап

1. Конференцияның кезекті және кезектен тыс сессияларын өткізу нәтижесінде келтірілген шығыстарды Нидерланды Үкіметі жабады.

2. Кез келген жағдайда, делегаттардың көлікке және тұруына арналған шығыстарын тиісті мүшелер төлейді.

12-бап

Конференцияны өткізудің әдеттегі практикасы, егер осы Жарғыға немесе Регламентке қайшы келмейтін болса, барлық мәселелер бойынша сақталады.

13-бап

1. Жарғыға түзетулер жалпы істерге және саясатқа қатысты отырысқа қатысатын мүше мемлекеттердің консенсусы негізінде қабылдануға тиіс.

2. Мұндай түзетулер оларды мүше мемлекеттердің үштен екісі өздерінің ішкі мемлекеттік рәсімдеріне сәйкес мақұлдағаннан кейін үш ай өткен соң, бірақ оларды қабылдаған күннен бастап тоғыз айдан кейін ғана барлық мүшелер үшін күшіне енеді.

3. 1-тармақта аталған отырыс 2-тармақта көрсетілген уақытша кезеңдерді консенсус арқылы өзгертуі мүмкін.

14-бап

Осы Жарғының орындалуын қамтамасыз ету үшін оның ережелері Регламентпен толықтырылатын болады. Регламентті Тұрақты бюро белгілейді және бекіту үшін дипломатиялық сессияға, Дипломатиялық өкілдердің кеңесіне немесе Жалпы істер және саясат жөніндегі кеңеске ұсынылады.

15-бап

1. Осы Жарғы Конференцияның бір немесе бірнеше сессияларына қатысқан мемлекеттердің үкіметтеріне бекітуге беріледі. Ол жетінші сессияға қатысқан мемлекеттердің көпшілігі қабылдаған бойда күшіне енеді.

2. Қабылдау туралы өтініш Нидерланды Үкіметіне сақтауға тапсырылады, ол бұл туралы осы баптың 1-тармағында аталған үкіметтерге хабарлайды.

3. Нидерланды Үкіметі жаңа мүшені қабылдаған жағдайда барлық мүшелерді жаңа мүшені қабылдау туралы өтініш туралы хабарлауға міндеттенеді.

16-бап

1. Әрбір қатысушы осы Жарғы күшіне енген күннен бастап бес жыл өткеннен кейін 15-баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес оның күшін жоя алады.

2. Күшін жою туралы хабарлама Конференцияның бюджеттік жылының аяқталуына кем дегенде алты ай қалғанда Нидерланды Корольдігінің Сыртқы істер министрлігіне берілуге тиіс және ол көрсетілген жыл аяқталған соң, бірақ тек тиісті хабарлама жасаған мүше мемлекетке қатысты күшіне енеді.

Осы Жарғының ағылшын және француз тілдеріндегі мәтіндері 2007 жылғы 1 қаңтардағы түзетулерімен қоса теңтүпнұсқалы болып табылады.

1955 жылғы 15 шілдеде Гаагада жасалған Халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциясының Жарғысы қазақ тіліндегі аудармасы Жарғы мазмұнына сәйкес келетінін куәландырамын.

Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігінің

Халықаралық құқық және ынтымақтастық

департаменті директорының орынбасары С. Нұрмұхамбетов

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұдан әрі Жарғының ағылшын және француз тілдеріндегі мәтіні берілген.